KASE

# АПТАЛЫҒЫ

**30 қыркүйек – 04 қазан, 2024**



## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- Листингтік процедураларды реттейтін KASE ішкі құжаттарына түзетулер және Маркет-мейкерлер қызметінің ережелеріне енгізілген өзгертулер қолданысқа енгізілді.
- KASE 2024 жылдың 01 қазаннан бастап KASE_ESGB* сериясы индекстерінің өкілдік тізімін анықтады.
- KASE ресми тізіміне "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00012271 (MFRFb15), "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KZ2C00012227 (BRKZb40), "Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС KZ2P00012115 (IKTTb1), "GoldFinMarket" Ломбарды" ЖШС KZ2P00012230 (MFLGb4), "Фридом Банк" Қазақстан" АҚ облигациялары үш шығарылымы және АҚШ Қаржы министрлігінің US91282CJK80 (US141_2611) халықаралық облигациялары енгізілді.
- KASE ресми тізімінен мыналар алынып тасталды: АҚШ Қаржы министрлігінің US91282CFN65 (US_41_2409) және US912797GW17 (US_90_2410) халықаралық облигациялары, Еуразиялық даму банкінің KZ2D00011004 (EABRb50) облигациялары, "Bereke Bank" АҚ KZ2C00010072 (BERKb16), және "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ KZ2C00010122 (MFOKb15) – айналым мерзімінің аяқталуына байланысты, АҚШ Қаржы министрлігінің US912828YH74 (US123_2409) және US912797LH84 (US137_2409) халықаралық облигациялары – өтелуіне байланысты.
- KASE-де "аФинанс Микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00011513 (FAFb7), "Армаг-Сервис" ЖШС KZ2P00011786 (ARMAb1), "Сейф-Ломбард" ЖШС KZ2P00011729 (MFSLb3) және "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00010809 (KFUSb71) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ҰК" АҚ RU000A102BF7 (PRKRe1) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық қайта басталды.
- "Армаг-Сервис" ЖШС Kz2p00011786 (ARMAb1) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- "First Heartland Jusan Invest" АҚ Еуразиялық даму банкінің KZ2D00010766 (EABRb43) және KZ2D00011863 (EABRb52) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесіне ие болды.
- "BCC Invest" АҚ Еуразиялық даму банкінің KZ2D00011863 (EABRb52) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесін берді.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00012052 (KFUSb79) облигацияларын орналастыру арқылы 7,0 млрд теңге тартты.
- Қостанай облысы мен Ұлытау облысының әкімдіктері KASE-де 2,3 млрд теңге тартты.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде меншікті бағалы қағаздармен мәмілелер туралы ақпарат берді.
- "Эйр Астана" АҚ 24-30 қыркүйек аралығында өз бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат берді.
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ оған агенттіктің Sustainable Fitch ESG-рейтингін 63 жалпы баллмен "2" деңгейінде бергені туралы хабарлады.

| 04.10.2024 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 5 127,50 | -0,8 | -2,0 |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Бағасы** | **Δ 7к** | **Δ 1а** |
| Freedom Holding Corp. | 97,47 | 2,1 | 8,2 |
| АО "ForteBank" | 5,19 | 1,8 | 0,4 |
| АО "Казахстанская фондовая биржа" | 55 990,00 | 1,5 | -9,2 |
| АО "Кселл" | 3 229,92 | 1,3 | 1,0 |
| АО "КазТрансОйл" | 826,97 | 1,1 | 1,5 |
| АО "KEGOC" | 1 504,99 | 1,0 | 1,8 |
| АО "Казахтелеком" | 38 560,00 | 0,8 | -0,1 |
| NVIDIA Corp. | 123,49 | 0,8 | 12,3 |
| АО "НАК "Казатомпром" | 18 294,00 | 0,7 | 0,4 |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 164,76 | 0,4 | 18,3 |
| АО "Национальная компания "КазМунай | 13 950,00 | 0,4 | -1,1 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 1 918,97 | 0,1 | -3,7 |
| Ford Motor Company | 10,89 | -0,3 | -1,1 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 208,39 | -0,3 | 0,2 |
| Pfizer Inc. | 28,57 | -1,5 | -0,2 |
| Apple Inc. | 223,79 | -1,7 | -2,4 |
| Starbucks Corporation | 95,22 | -2,0 | 0,8 |
| PayPal Holdings Inc. | 78,76 | -2,4 | 8,6 |
| Tesla, Inc. | 243,00 | -4,0 | 9,7 |
| АО "Эйр Астана" | 802,50 | -4,0 | -1,8 |
| Intel Corporation | 22,69 | -4,5 | 11,1 |
| Microsoft Corporation | 418,00 | -5,2 | 1,0 |
| АО Kaspi.kz | 52 800,01 | -6,6 | -15,7 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

## KASE Индексінің акциялары




## Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі




Өткен апта KASE индексінің 0,8% төмендеуімен ерекшеленді. Көрсеткіш 5 127 тармақ деңгейіне дейін төмендеді.

Мұнай бағасының өсуіне қарамастан, ҚазМұнайГаз акциялары елеусіз серпінді көрсетті. Компанияның акциялары 0,4 %-ға қымбаттап, бір акция үшін 13 950 теңгеге жетті. Сондай-ақ, мұнай компаниясы "АқтауОйлМаш" ЖШС иеленуді тоқтатқанын хабарлады.

Мұнай секторының тағы бір өкілі – ҚазТрансОйл компаниясының акция құны 1,1%-ға 827 теңгеге дейін өсті. 25 қарашада ҚазТрансОйл акционерлерінің кезектен тыс жиналысы өтеді.

Сонымен қатар, Эйр Астана акцияларды кері сатып алу бағдарламасын белсенді түрде жүзеге асыруды жалғастыруда. 24-30 қыркүйек аралығында компания жалпы сомасы 428 мың АҚШ долларын құрайтын 149 мың акция мен 24 мың жаһандық депозитарлық қолхат сатып алды. Акция бағасы 835-тен 849 теңгеге дейін өзгерді, ал GDR 7-ден 7,1 долларға дейін сатып алынды. Сатып алу бағдарламасы басталғаннан бері 1,9 миллионнан астам акциялар мен 278 мың жаһандық депозитарлық қолхаттар 5,7 миллион АҚШ долларына сатып алынды. Апта қорытындысы бойынша Эйр Астана акциялары 4%-ға төмендеп, теріс динамиканы көрсетті.

KASE индексіне кіретін қаржы компанияларының акциялары көп бағытты динамиканы көрсетті: Халық банкінің акциялары 0,3 % жоғалтты, ал ЦентрКредит Банкінің акциялары 0,1 %-ға өсті. Сонымен қатар, Kaspi.kz акциялары 6,6 %-ға төмендеді.

Қазақтелеком акциялары 0,8 %-ға 38 560 теңгеге дейін өсті. Телекоммуникация секторының тағы бір өкілі - Kcell акциялары да 1,4 % - дан 3 235 теңгеге дейін өсім көрсетті.

Геосаяси және макроэкономикалық оқиғалар өткен аптада KASE Global секторындағы акциялардың динамикасына айтарлықтай әсер етті. Өсім көшбасшылары үш ірі мұнай компаниясының акциялары болды: Occidental petroleumcorp. және ConocoPhillips 7 %, Сондай-ақ Exxon Mobil Corp., оның акциялары 6 %-ға өсті. Олардың өсуінің басты себебі мұнай бағасының өсуі болды-бір апта ішінде ол 12 %-ға қымбаттады.

Аптаның аутсайдерлері арасында Nike Inc. және ProShares Bitcoin strategy ETF акциялары ерекшеленді, олар сәйкесінше 8 % және 13% жоғалтты.

Репо нарығындағы соңғы сауда-саттыққа сәйкес, TONIA индикаторы 13,52 %, ал TWINA индикаторы 13,62 % құрады.

**Инфляция және пайыздық мөлшерлеме**




**ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері**




**Тәуекелсіз қисық кірістілігі**



Қыркүйек айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 0,1%-ға, АҚШ доллары үшін 481,11 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 210 млн АҚШ долларынан 222 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Қыркүйек айында республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан валютаны сату 945 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 20% құрады және күніне 45 млн АҚШ долларынан аспайды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 40 %-ға дейін ұлғайту мақсатында Ұлттық Банк қыркүйекте биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жүзеге асыруды жалғастырды, оның жалпы сомасы 500 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 11 % құрады.

Қыркүйек айында аталған операция шеңберінде Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтерінен сату көлемі 241,5 млн АҚШ долларын құрады, 2024 жылдың қазанында алтын-валюта резервтерінен валютаны сату 240-тан 260 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде. Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылдың қазан айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 1,3-тен 1,4 млрд АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді. 2024 жылғы қазанда ЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін валюта сатып алу 850 ден 950 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.24)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2024, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 634,34 | -1,13 | 0,05 | 13,81 |
| USDKZT | 481,84 | 0,54 | 0,02 | 4,37 |
| EURKZT | 531,33 | -0,68 | 0,09 | 8,18 |
| CNYKZT | 68,66 | 0,45 | 1,50 | 3,12 |
| RUBKZT | 5,07 | -1,74 | -6,62 | -21,00 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 5 738,17 | 0,6 | 2,6 | 33,5 | 0,5 |
| Dow Jones | 42 313,00 | 0,6 | 3,0 | 25,7 | 0,5 |
| РТС | 971,29 | 2,6 | 4,4 | -3,9 | |
| ММВБ | 2 858,56 | 2,7 | 5,9 | -8,0 | |
| Hang Seng | 20 632,30 | 13,0 | 16,6 | 18,8 | 14,4 |
| SS CSI 300 | 3 703,69 | 15,7 | 12,7 | 0,4 | 19,4 |
| Euro Stoxx 50 | 5 067,45 | 4,0 | 3,1 | 21,8 | 4,0 |
| FTSEuroFirst | 5 686,00 | 3,8 | 2,7 | 18,1 | 3,1 |
| FTSE 100 | 8 320,76 | 1,1 | -0,3 | 9,5 | 1,1 |
| KASE | 5 167,65 | -0,5 | -2,8 | 28,1 | |

## Шикізат нарығы 27.09.2024

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 71,98 | -3,4 | -8,5 | -24,5 |
| Мұнай (WTI) | 68,18 | -5,2 | -8,5 | -25,7 |
| Табиғи газ | 2,90 | 19,2 | 50,4 | -1,5 |
| Мыс | 459,95 | 7,4 | 10,8 | 24,0 |
| Темір | 739,00 | 5,7 | -4,9 | -20,6 |
| Алтын | 2 658,24 | 1,4 | 6,2 | 42,6 |
| Күміс | 31,82 | 2,1 | 9,0 | 39,9 |
| Астық | 580,00 | 2,0 | 12,8 | 0,2 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық уақиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 09.10 | FOMC хаттамаларын жариялау | USD | | |
| 10.10 | Тұтыну бағаларының базалық индексі (ТБИ) (а/а) (қырк.) | USD | 0,2% | 0,3% |
| 10.10 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қырк) | USD | 2,3% | 2,5% |
| 10.10 | Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны | USD | 229K | 225K |
| 11.10 | ЖІӨ (а/а) (там) | GBP | 0,2% | 0,0% |
| 11.10 | Германияның тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (а/а) (қырк) | EUR | 0,0% | -0,1% |
| 11.10 | Өндірушілердің баға индексі (PPI) (а/а) (қырк) | USD | 0,1% | 0,2% |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 8,3% | 01.10.24 | 8,4% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 42,7 | 01.09.24 | 41,8 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 13 324,4 | 01.09.24 | 13 477,0 |
| Ақша масса, млрд KZT | 40 251,8 | 01.09.24 | 40 470,1 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 тұрақты | 02.03.24 | BBB-/A-3 тұрақты |
| Moody's | Baa1/тұрақты | 09.09.24 | Baa2/позитивті |
| FitchRatings | BBB/тұрақты | 17.05.24 | BBB/тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ


**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00





**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.


Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2023